

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OZOB5414>

Э. Н. Ажарбекова, Ш. М. Мажитаева

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

АДАМИ ҚАСИЕТТЕРДІ СИПАТТАЙТЫН СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

Мақалада авторлар тіл білімінде тілші ғалымдардың лексика-семантикалық топ терминіне берген анықтамалары мен тематикалық топтан айырмашылықтарын саралаған ғылыми тұжырымдарын және сөздерді лексика-семантикалық топтарға топтастыруда негізге алынатын басты белгілерді талдаған. Компоненттік талдау әдісі арқылы анықталатын сөздердің ең кіші бөлшегі семалар және олардың түрлері жөніндегі пікірлерді саралап, лексика-семантикалық топтағы сөздердің арасында парадигмалық байланыстың болатындығын айтады. Авторлар қазақ тіл білімінде М. Оразовтың есім сөз таптарын топтастырған тематикалық топтарын негізге ала отырып, адам бойындағы қасиеттерді сипаттайтын сын есімдерді жалпылаушы семаларына қарай лексика-семантикалық топқа топтастырған. Ол топқа енген сөздердің айырушы семаларын талдай келе, кіші семантикалық топтарға жіктеген. Тұжырымдарының дұрыс-бұрыстығын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесіне талдау жасаған.

Кілтті сөздер: лексика-семантикалық топ, тематикалық топ, сема, жалпылаушы сема, айырушы сема, сын есім, адами қасиет, жас ерекшелік кезеңдері.

Кіріспе

Тілдің сөздік құрамындағы сөздердің бір-бірімен белгілі бір заңдылықтар бойынша байланысып жататыны белгілі. Олардың арасындағы байланысты анықтау оңай мәселе емес. Сөздер бір-бірінен мағына алшақтығы бойынша ажыратылып жатады да, өз дербестігін сақтайды. Сөзге тіл білімінде бүгінгі уақытқа дейін бірнеше анықтамалар берілді. Сөз – тілдің негізгі бірліктерінің бірі. Олар айналадағы заттар мен құбылыстарды атап көрсетеді де, мағыналық жақындығы мен алшақтығына қарай белгілі бір лексика-семантикалық топты құрайды.

Тіл білімінде лексика-семантикалық топ терминіне бірнеше анықтамалар беріліп, басты белгілері анықталған. Орыс тіл білімінде Васильева Л. М., Гак В. Г., Уфимцева А. А., Шмелев Д. Н., Филин Ф. П. сынды ғалымдар әр түрлі лексика-семантикалық топтарды қарастырған. Ф. П. Филин: «Лексика-семантикалық топ деп екі немесе бірнеше сөздердің лексикалық мағыналарына қарай бірігуін айтамыз» [1, 230] деген анықтама бере отырып, сөздердің тура және ауыспалы мағынада, не бейнелі мағынада қолданылуына қарай лексикалық мағынасы бір-біріне жақын немесе бір-бірімен ешқандай байланыс болмайтындығын айтады. Сөздердің мағыналары арасындағы байланыс әр түрлі. Ғалымның пікіріне сүйенсек, сөздерді лексика-семантикалық топтарға жіктегенде олардың арасындағы мағыналық байланыстарды анықтаған жөн.

О. С. Ахманова «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» лексика-семантикалық топты «бір сөз табына жататын, жалпы мағыналарына қарай біріккен сөздердің жиынтығы» деген анықтама береді [2, 118]. В. И. Кодухов: «Лексико-семантическая группа – это группа слов, объединенных по их лексическим значениям с точки зрения однородности, однопорядковости или просто близости их значений» [3, 28] десе, Э. В. Кузнецова: «Слова объединяются в ЛСГ на основе семантической соотнесенности друг с другом по лексическому значению» [4, 202] деген пікірде. Демек, лексика-семантикалық топқа тілде түрлі анықтамалар берілгенімен, олардағы ортақ пікір – лексика-семантикалық топқа енетін сөздердің бір сөз табынан болатындығы және олардың мағыналарының жақындығы.

Зерттеудің нысаны: лексика-семантика, семантика.

Зерттеудің пәні: лексикология, семасиология.

Мақсаты: адам бойындағы қасиеттерді сипаттайтын сөздерді жалпылаушы семаларына қарай лексика-семантикалық топқа топтастыру, айырушы семаларына қарай кіші семантикалық топтарға жіктеу.

Міндеттері:

- тіл біліміндегі семантикалық өріс, лексика-семантикалық топ жөніндегі тұжырымдарды саралау;
- компонентті талдау әдісі арқылы сөздерге мағыналық талдау жасау;
- адами қасиеттерді сипаттайтын сөздердің жалпылаушы, айырушы семаларын анықтау.

Зерттеудің әдістемесі мен нәтижесі

Тіл білімінде лексика-семантикалық топ терминімен қатар тематикалық топ термині де қолданылады. Ғалымдардың пікірінше, «тематикалық топ лексика-семантикалық топқа қарағанда кең» түсінікке ие, лексика-семантикалық топтар осы тематикалық топтың аясына еніп кетеді. Тематикалық топқа әр түрлі сөз табына жататын сөздер кірсе, лексика-

семантикалық топқа бір сөз табына жататын сөздер кіреді. Ф. П. Филин лексика-тематикалық топ пен лексика-семантикалық топ ұғымдарын қарастыра келе, лексика-семантикалық топтың негізінде «біртекті салыстырмалы мәні бар лексикалық элементтер» жатады. Мұндағы лексикалық элементтер, ғалымның пікірінше, ортақ семантикалық байланысы бар синоним, антоним және басқа да сөз топтары. Ал тематикалық топтардың негізінде «лексика-семантикалық байланыстарға емес, заттар мен құбылыстардың өздерін жіктеуге негізделген сөздердің бірігуі» жатыр. Демек, лексика-семантикалық топ пен тематикалық топ құрамындағы сөздердің мағыналық байланысы жағынан ажыратылады.

М. Оразов «сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топқа енгізу үшін әр топтың басқа семантикалық топтардан ажырайтын белгісін, сөздерді топтастырудың шарттарын» жасап алу қажеттігін, ол үшін «әр лексика-семантикалық топтың құрамына енетін жеке сөздердің өзара қарым-қатынасын анықтаудан бастау керектігін» айтады.

Тіл білімінде сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топқа бөлуде әр тілдің ерекшеліктеріне қарай түрлі ғылыми қағидаларды басшылыққа алады. Ғалымдар сөздерді лексика-семантикалық топқа бөлуде семалық талдауды, яғни компоненттік талдау әдісін алға тартады. Л. М. Васильевтің сөзімен айтқанда, «КТ-ны тілдің ішкі құрылымдық құпияларына жүйе ретінде ене алатын маңызды құралдардың бірі ретінде қарастыру керек» [5, 10].

«Компоненттік талдау әдісі – мағыналы тіл бірліктерінің мазмұндық жағын зерттеу әдісі. Оның мақсаты мағынаның ең кіші семантикалық бөлшектерін ажырату» [6, 134]. Сөздердің ең кіші бөлшегі – сема. «Тіл білімі сөздігінде»: «Сема – мазмұн тұрғысында ең кіші, ең түпкі бірлік. Сема шындық өмірде белгіленген заттар мен құбылыстардың түрліше қасиеттерінің тілдегі қарапайым бейнесін білдіреді» деген анықтама беріліп, оны сөздің қарапайым мағынасын білдіретін семаның варианты түрінде қарастырылады. «Семема семаға қарағанда мағынаның неғұрлым жоғарғы деңгейін білдіретін бірлік» ретінде танылып, оның «құрылымы семалар арқылы анықталады» [6, 241] деп түсіндіріледі.

М. Оразов тілші ғалымдардың семаларды архисема, дифференциалды (айырушы) (В. Г. Гак), потенциалды, идентификациялық, қосымша, виртуалды (салыстырмалы) (И. Кучқартаев), интеграль (О. Н. Селиверстова) деген жіктеуіне талдау жасай отырып, «жалпылаушы семаның сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топтарға бөлуде негіз болатындығын, айырушы семаның сөздердің жеке-жеке өмір сүруіне негіз болатындығын» айтады. Яғни, сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөлгенде олардың жалпылаушы және айырушы семаларына қарау қажет. Жалпылаушы семасы негізінде топтастырылған сөздерді айырушы семаларына қарап, бірнеше кіші топтарға

бөлуге болады. Сөздердің айырушы семалары біреу не бірнешеу болуы мүмкін.

М. Оразов: «Жалпылаушы сема сөздердің лексикалық мағыналарының құрамына енеді және одан ары қарай бөлінбейтін ең кіші бөлшегі болуы керек. Сондықтан да ол сема лексика-семантикалық топтардың барлығында да кездеседі, олардың семантикалық құрамына енеді» [7, 16] деп, сөздердің жалпылаушы семасының айырушы семалары негізінде бөлінген әр топты бір топқа топтастыратын сема екендігін айтады.

Сонымен қатар, ғалым жалпылаушы семаларды сөздердің грамматикалық мағыналарынан ажырата білу қажеттігін айтады. Себебі, лексика-семантикалық топ категориялық мағынаға да сүйенеді. Категориялық мағына – грамматикалық мағынаның бір түрі. Яғни, жоғарыда атап өткеніміздей, бір лексика-семантикалық топтағы сөздер бір ғана сөз табына қатысты болады.

Жалпы тіл білімінде сөз дербестігі мәселесі дегенде екі түрлі бағыт бар. Бір ғалымдар сөз дербестігін мойындап, «әрбір сөз өз алдына мағынаға ие, екінші сөзге тәуелді болмайды десе, екінші топ «сөздер жеке өздері тұрып дербес лексикалық мағынаға ие болмайды, олардың білдіретін мағынасы контексте не системадағы тіл элементтерінің орнына, не тілдік системалар арасындағы түрлі байланыстарға тәуелді деп түсіндіреді. Ғалым М. Оразов сөз дербестігіне қатысты ғылыми тұжырымдарды саралай келе: «Сөз дербестігін мойындау олардың басқа сөздермен байланысын мойындамау екен деп түсіну дұрыс емес. Керісінше, сөз дербестігін мойындағанда оның өзіндік мағынасы, формасы барлығын, олар басқа тіл элементтерімен байланыста болатындығын ескеруді қажет етеді, сол байланысқа негізделіп сөздерді біз лексика-семантикалық топтың қатарына енгіземіз» [8, 171] деп, тілдегі сөздердің ортақ мағыналары болғандығы үшін бір лексика-семантикалық топқа енетіндігін айтады.

«Лексика-семантикалық топ лексикалық системаның парадигмалық қатынасына негізделінеді де олар сол системаның элементтерінің тең дәрежелі байланысына сүйенеді. Лексика-семантикалық топтың әрбір мүшесі өзіндік мағыналық дербестікке ие болып, сол системада белгілі бір қызмет атқарып, системада өз орнын белгілеп тұратындығы анық». Мәселен, жомарт және сараң, батыр және қорқақ, адал және арам сөздері адам бойындағы қасиеттерді білдіруіне қарай өзара семантикалық байланысқа ие. Сонымен қатар бұл сөздердің арасында салыстыру, бағалау арқылы анықталатын екінші байланыс та бар. Яғни, бір лексика-семантикалық топқа енетін сөздердің арасында парадигмалық байланыс болуы қажет.

М. Оразов: «Сөздерді белгілі бір парадигмалық қатынаста деп лексика-семантикалық топтың қатарына енгізгенде: біріншіден, сөздердің дербестігін мойындаймыз, екіншіден, сол семантикалық топқа енетін сөздердің өзара байланысып жатқан семантикалық белгілері болумен бірге, оларды жеке-жеке

сөз етіп тұратын өзіндік ерекше семантикалық элементтердің де барлығын мойындаймыз, үшіншіден, лексикадағы парадигмалық қатар сөздердің лексикалық мағынасына сүйенеді, төртіншіден, сөздердің системадағы қатынасы, байланысы мағынаны белгілемейді, керісінше, мағына системадағы байланысты белгілейді» [8, 173], деп қорытынды жасайды.

Ғалым сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топқа бөлгенде төмендегі белгілерді негізге алу қажеттігін айтады:

– бір лексика-семантикалық топтың құрамына енетін сөздер өзара бір мағыналық сыңар (семалар) арқылы байланысып жатуы керек;

– бір лексика-семантикалық топтың компоненті болып саналатын сөздер өз дербестігін сақтауы керек;

– лексика-семантикалық топтың құрамындағы сөздер бірі екіншісін мағыналық жағынан толықтырып, ұштасып жатуы керек;

– антонимдік, синонимдік сыңарлар да белгілі бір лексика-семантикалық топтың аясында болады;

– лексика-семантикалық топтар іштей семантикалық топтарға бөлініп, сатылай байланысып жатады.

Лексика-семантикалық топтың құрамындағы сөздер бір сөз табынан болуы қажет [7, 18].

Тіл білімінде сөз таптарын тематикалық, лексика-семантикалық топтарға бөлу мәселесі зерттеу нысаны алынғанмен, түбегейлі зерттелді деп айта алмаймыз. Қазақ тіл білімінде зат есім, сын есім, етістік, есімдік, үстеу сөз таптарының лексика-семантикалық топтары жөнінде біршама пікірлер ұсынылды. Дегенмен, ғалымдар әр сөз табының лексика-семантикалық топтарын құрып, оларға семантикалық талдау жасауды мақсат етпеген. Сөз таптарының тематикалық, лексика-семантикалық топтары жөнінде сөз қозғағанда елеулі еңбек ретінде ғалым М. Оразовтың зерттеу еңбегін айтамыз. Ғалым сөздердің лексикалық мағынасы, семантикасы, лексикалық мағынаның құрылысын зерттеу барысында етістіктің лексика-семантикалық топтарын қарастыра отырып, жалпылаушы семасына қарай зат есім мен сын есімнің тематикалық топтарын үлгі ретінде ұсынады.

Мәселен, ғалым сын есімдерді тематикалық топтарға бөлушілердің аздығын ескерте келе, сын есімнің 17 тематикалық тобын үлгі ретінде ұсынады. Олардың ішінде:

1 Заттың ішкі қасиетін білдіретін сын есімдер: жақсы, жаман, тәуір, жүйрік, алғыр, талантты, ынталы, жалқау, т.б.

2 Адамның не жан-жануарлардың мінез-құлқына байланысты сын есімдер: асау, жуас, шодыр, бір бет, ұстамды, ашушан, қорқақ, батыр, т.б.

3 Дағдыланған әдетке байланысты қолданылатын сын есімдер: жылауық, өтірікші, қашқақ, ұялшақ, сөзуар, тапқыр, бақырауық, ұйқышыл, т.б. [8, 192].

Біз жұмысымызда осы тематикалық топты негізге ала отырып, адамның ішкі қасиеттерін білдіретін сөздердің мағынасын жалпылаушы сема ретінде алып, лексика-семантикалық топқа бөлуді мақсат етеміз.

Адамның сыртқы бейнесі мен ішкі жан дүниесі, қабілеті, қимыл-қозғалысы, мінез-құлқы, эмоциясы, психикалық және рухани қасиеттері тіл арқылы берілетіні белгілі. Тіл білімінде адамды әр түрлі қырынан сипаттау түрлі амалдар, мәселен, есім сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, эпитеттер, теңеулер, метафоралар және т.б. арқылы беріледі. Орыс тіл білімінде адамның интеллектуалдық, моральдық қасиеттерінің фразеологизмдер арқылы берілуін Э. В. Эрдниева (ағылшын-орыс-қалмық тілдеріндегі), О. Г. Лапшина, О. О. Домбровская, Т. В. Некрасова, А. А. Джелилов (шешен тіліндегі), Ф. Р. Сибгаева (татар тіліндегі), В. О. Пучков (орыс-ағылшын тілдеріндегі), Р. Н. Анисимов (орыс-француз тілдеріндегі), адам эмоциясының метафоралар арқылы берілуін Н. В. Шелепова, теңеулер арқылы М. В. Сторчак, сөз таптары арқылы берілуін И. Е. Ким, Л. В. Лаврова (зат есім, сын есім, етістік арқылы), С. А. Булгучева, Е. А. Морозенко (сын есім арқылы) қарастырған.

Адами қасиеттерді білдіруде сөз таптарының ішінде сын есімдердің қолданысы кең. Сын есімдер адам бойындағы қасиеттердің белгісін тікелей білдіреді. Мәселен, Л. В. Лаврованың пікірінше: «Характеристика человека может быть выражена разными частями речи: прилагательными, существительными, глаголами. Причем, если глаголы характеризуют человека опосредовано, через указание на присущие ему действия (дерется, молчит, горланит, скупится, плутует), и не содержат указания на постоянство признака и его значимость для характеристики человека, то прилагательные и существительные непосредственно указывают на присущий человеку признак, воспринимаемый как его постоянное свойство: драчливый (человек) – драчун, молчаливый – молчун, горластый – горлан, скупой – скупец, плутоватый – плут. Характеризирующая роль прилагательных и существительных проявляется более непосредственно. Прилагательные прямо называют характеризующий признак: драчливый, молчаливый а у имен существительных признак представлен в опредмеченном виде: драчун, молчун, горлан» [9, 65]. Е. А. Морозенко: «В отличие от имени существительного, прилагательные не указывают на предмет, а приписывают ему определенный признак, качество, свойство. Они предстают абсолютно разнообразными по своей семантике и могут иметь признаки, связанные с действием и модальные признаки. А это значит, что категорийным определением данной части речи является признак в широком его понимании» [10, 63], – деп сын есімдердің семантикасының кендігін көрсетеді.

Қазақ тілінің сөздік құрамында адамды сипаттайтын тыныш, тынышсыз, мазасыз, беймаза, қорғансыз, әлсіз, күнәсіз, ширақ, жыбырлақ, тынымсыз, ұрыншақ, сұрамшақ, тентек, сыншыл, бірбеткей, қырсық, қатты, өжет, тілді, ашуланшақ, өкпешіл, еліктегіш, арманшыл, қиялшыл, жеңілтек, аңқау, желікпе, өзімшіл, өркөкірек, ерікті, қатал, ақылды, тұрақты, алғыр, шыдамды, ержүрек, сенімді, күңілдек, мылжың, көңілшек, ұмытшақ, жалқау, ақымақ, мейірімді, шыншыл, қорқақ, сабырлы, жасқаншақ сын есімдері бар. Бұларды бір лексика-семантикалық топқа біріктіріп тұрған сема, жалпылаушы сема – «адами қасиет».

Өмірде жақсылық пен жамандықтық қатар жүруі – заңдылық. Адам бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болатыны белгілі. Адами қасиеттер – адамның адамдығының көрінісі десек те болады. Жақсы қасиеттердің басым болуына қарай біз адамды адамдығы жоғары деп бағалап жатамыз. Осы адамдықты танытатын қасиеттерді білдіретін сын есімдерді «жақсы» және «жаман» семаларына қарай лексика-семантикалық топқа топтастырамыз:

1 «Жақсы» семасы бар сын есімдер: адал, жомарт, ақылды, еңбекқор, көпшіл, шыдамды, сабырлы, батыр, өткір, мейірімді, сыншыл, арманшыл, ұстамды, т.б.

2 «Жаман» семасы бар сын есімдер: арам, сараң, ақымақ, жалқау, өзімшіл, шыдамсыз, сабырсыз, қорқақ, жасық, қатыгез, аңқау, міншіл, өкпешіл, жеңілтек, ұмытшақ, ашушаң, т.б.

3 «Жақсы» әрі «жаман» семалары қатар көрініс табатын сын есімдер: қатал, жұмсақ, бірбеткей, еліктегіш, төзімді, ерке, қу, шапшаң, т.б.

Үшінші топтағы сын есімдер бірінші және екінші топтағы сын есімдерден екі түрлі мәнде жұмсалуына қарай ерекшеленеді. Біздің түсінуімізше, қаталдық – көбінесе ер адамдарға тән қасиет. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қатал сын есіміне рақымсыз, қатыгез деген түсінік берілген. Дегенмен, қатал адам «жаман» мәнде – қатыгез, мейірімсіз болуымен қатар, «жақсы» мәнде – тәртіпті, жинақы, салмақты, талапшыл да болып келеді. Мысалы: Жұмабек өзінің дәл қазір соншама қатал, қатыгез болып кеткеніне таң қалып тұр (Б. Тілегенов) деген сөйлемде «жаман» семасында жұмсалса, Халық жауымен күрескенде, «кессе қан шықпайтын қатал адамның» ұрпаққа деген мейірімдік барлығы шындық (Ж. Арыстанов) деген сөйлемде «жақсы» семасында қолданылған.

Еліктегіштік қасиет жасөспірімдік кезеңдегі қыз бен ұлдың бойынан көрінеді. Еліктегіштік қасиеті бар жасөспірім жақсыға еліктеу арқылы бойына жақсы қасиеттерді сіңіреді, жаманға еліктеу арқылы жаман қасиеттерді сіңіреді.

Қулық қасиеттің де екі жағы бар деп қараймыз. Қу адам «жаман» мәнде арам, айлакер, арамза болса, «жақсы» мәнде әдісқой, амалшыл, епшіл келеді. Мәселен, Айсұлу да бір қу болып шықты, келісімен-ақ Қасымбекті баурап алды (З. Ақышев) деген сөйлемде, қу сын есімі айлакер мәнінде жұмсалса,

ал Жігіт пен қыздың ымдасып отырғанын байқап қалған қу келіншек дереу жуып-шайып, көзіндегіні Әрайдаға оқытпай қойды (Е. Домбаев) деген сөйлемде амалшыл, епшіл мәнінде қолданылған.

Адам бойындағы қасиеттер ата-ана тәрбиесіне, сыртқы ортаға байланысты қалыптасып, оқу-білім деңгейіне, санасы мен түсінігіне, өмірлік тәжірибеге қатысты өзгеріп, беки түсетіні белгілі. Адамды бойындағы қасиеттеріне қарай сипаттауда жұмсалатын «жас» семасы бар сын есімдерді айырушы семасына қарай бірнеше шағын топқа топтастырамыз. Мәселен,

1) «нәресте» семасы бар сын есімдер тобына жылауық, тыныш, тынышсыз, беймаза, мазасыз, қорғансыз, әлсіз, күнәсіз;

2) «жеткіншек» семасы бар сын есімдер: ширақ, жыбырлақ, тынымсыз, ұрыншақ, сұрамшақ, тентек, сыншыл, бірбеткей, тік мінез, жасқаншақ;

3) «жасөспірім» семасы бар сын есімдер: қатты, өжет, тілді, ашуланшақ, ренжігіш, еліктегіш, талапты;

4) «жас» семасы бар сын есімдер: арманшыл, қиялшыл, жеңілтек, аңқау, желікпе, өзімшіл, өркөкірек;

5) «кемел жастағы адам» семасы бар сын есімдер: ерікті, қатал, ақылды, қатты, тұрақты, шыдамды, ержүрек, сенімді;

6) «қарт» семасы бар сын есімдер: мазасыз, тынышсыз, қорғансыз, әлсіз, дана, күңкілдек, мылжың, ұмытшақ, көңілшек.

«Нәресте» семасын білдіретін қорғансыз, әлсіз, күнәсіз сын есімдері адамның ешқандай қасиетін не мінез-құлқын білдірмейді, себебі «нәрестелік шақта» бала физиологиялық себептерге байланысты әлемді, қоғамды, адамдарды әлі қабылдай алмайды. «Нәресте» семасында жұмсалатын жылауық, беймаза, тынышсыз, мазасыз сөздерінде психикалық сипат жоқ, мұнда баланың физикалық қалпы көрінеді, ал тыныш (алаңсыз, уайым-қайғысыз) сын есімі физиологиялық күйін білдіреді. Біздің балалардың тынышсыз екенін білесіздер, бірдемені қиратпай тұрғанда, тезірек кетпесек болмас (Ә. Тарази). Демек, аталған сын есімдер нәрестенің мінезін, бойындағы қасиеттерін емес, физиологиялық күйін, физикалық қалпын білдіреді. Нәресте шақта баланың бойынан адами қасиеттері көрінеді деп айта алмаймыз.

Байқағанымыздай, адам бойындағы қасиеттер белгілі бір кезеңде қалыптасады. Жоғарыдағы топтаудан көретініміз берілген сын есімдерде жас ерекшелікке қатысты белгілі бір кезең негізгі сема болса, кей сын есімдерде бірнеше кезеңге де қатысты айтылады. Мысалы: мейірімді – мейірімсіз сөздерінде «нәресте» семасынан басқа, барлық сема кездеседі: мейірімді (мейірімсіз) жігіт/қыз, мейірімді (мейірімсіз) еркек/әйел, мейірімді (мейірімсіз) шал/кемпір. Мысалы: Әкесін аяп кеткен бала, мейірімдік көрсеткісі келгендей, бетін бұра аунап түсті (С. Мұқанов). Лида әрең деп көзін бір ашты да, мейірімді ана қасында екенін аңғарғандай болды (Ғ. Мүсірепов).

Жеңілтек сын есімінде «жастық шак» және «кемел жастағы адам» семалары бар: жеңілтек жігіт/қыз, жеңілтек әйел. Мысалы: Омар аз күн ішінде жеңілтек Сапақпен достасып кеткен (О. Сәрсенбаев).

Мықты сөзінде «кемел жастағы адам» және «қарт» семалары бар: мықты еркек/әйел, мықты шал/кемпір. Мысалы: – Апырай, Үбі де мықты екен ғой! – деді жігіттердің бірі (Қ. Жұмалиев). Өзіннен жолдасың мықты болсын (мақал).

Талапты сөзінде «жасөспірім» және «жас» семалары бар: талапты ұл/қыз, талапты жігіт. Осы шақтарда адам көздеген мақсатына жетуге ұмтылғыш, ізденгіш келеді.

Ширақтық әр түрлі жастағы адамдардың бойынан көрінеді. Ширақ сын есімінде «жасөспірім», «жас», «кемел жастағы адам» және «қарт» семасы да бар. Мысалы: Бержан ақсақал жетпіске таянып қалса да әлі қуатты, ширақ еді (Ш. Дәрмағанбетов). Жасы қырықты жартылай асып бара жатқан Ызғұтты әлі күнге жиырма бестегі жігіт күйінде ширақ, қайратты, серек болатын (М. Әуезов).

Адамзат баласының бойындағы қасиеттер жаратылысына қарай, яғни жынысына қарай да ажыратылады. Әйел адам мен ер адам бір-бірінен табиғатынан, физиологиялық ерекшеліктерімен, темпераменттерімен қоса, ақылы мен ойы, қимылы мен іс-әрекеті, өзіне не өзгеге қарым-қатынасы жағынан да ерекшеленетіні белгілі. Психологияда сезімді «адамның мінез-құлқы үшін қозғаушы күш» деп түсіндіреді. Әйел адам сезімтал келсе, ер адам қатты келеді. Әйел адам көбінесе шынайы, ашушаң, қызғаншақ болып шынайы сезімді көрсетсе, ер адамдар талапшыл, байыпты, салмақты, паң болып, ұстамдылық танытып, эмоциясын көп көрсетпейді.

Батыл сын есімі именшек емес, қайсар, ер жүрек, еркін мағынасында жұмсалады. Батылдық – көбінесе ер адамның бойынан көрінетін қасиет. Белгілі бір істе мақсатқа жету жолында белді бекем буып, батылдық танытатын ер адам батыл, мықты, өр, күшті, жаужүрек болып келеді. Мысалы: Қоспаны Балқожаның еді батыл, Жаулардан ауыл кегін алғалы ақыр. Ысқақ пен Биқанды ертіп еппен басып, Солдаттар жатқан үйге келе жатыр (А. Нұртазин). Дегенмен, әйел адамдардың да бойында батылдық табылатыны сөзсіз.

Ер адамдардың интеллектуалдық қабілеттері айқын көрінеді, бұл көптеген факторларға байланысты: ер адам ертеден «өндіруші», отбасының қамқоршысы, тірегі (әйел – үйдің шырақшысы, бала тәрбиесімен айналысады). Яғни, ер адам дарынды, данышпан, талантты, ақылды.

Адами қасиеттерді білдіретін сын есімдерді жынысына қарай шартты түрде былайша топтастырдық:

– «ер адам» семасы бар сын есімдер: батыл, мықты, байыпты, сабырлы, паң, өр, дарынды, данышпан, талантты, талапшыл, қайратты, қызба, қатал, ызақор, табанды, т.б.

– «әйел адам» семасы бар сын есімдер: ашушаң, қызғаншақ, шынайы,

ибалы, инабатты, кербез, ерке, назды, нәзік, сезімтал, биязы, сөзшең, жеңілтек, шыдамды, т.б.

Аталған сын есімдерді іштей «жас ерекшелік» семасы жағынан да жіктеуге болады. Мәселен, батылдық қасиет жас ерекшелігі жағынан әр түрлі жастағы ер адамға тән: батыл ұл (жігіт, еркек). Ал байыпты, паң сын есімдері өмірлік тәжірибеден өткен, өмірде өз орнын тапқан ер адамдарға қатысты қолданылады: байыпты еркек (ақсақал), паң еркек (ақсақал). Менің көптен естіп жүрген әңгімемнің бірі – Сағынайдың паң Нұрмағанбеті (С. Сейфуллин).

Данышпандық, даналық көпті көрген, көп білетін қартаң жастағы адамға тән қасиет: данышпан ақсақал, данышпан қарт. Жасыңыз алпысқа аяқ басты деп естідім, жас үлкейген сайын данышпандық молая береді деседі (Х. Есенжанов).

Дарындылық пен таланттылық жасөспірімдік, жастық шақта көрінеді: дарынды жігіт (ұл), талантты жігіт (ұл).

Әйел затына қатысты айтылатын ибалылық, инабаттылық, нәзіктік қасиеттер жас ерекшелігі жағынан жасөспірім, жастық шақтағы қыз баланың, кемел шақтағы әйел адамның бойынан көрінеді: инабатты қыз, ибалы қыз, нәзік қыз. Айсұлу әжеге тақап келіп, столдың екінші жағына тізесінен жүгініп отырып, ибалы жүзбен сәлем бергендей боп: – «Есенсіз бе, әже?» – деді (М. Әуезов). Биязылық жастық, кемел, қарттық шақтағы әйел адамның бойынан табылады: биязы қыз (әйел, әже). Ерке, назды, жеңілтек сын есімдері жасөспірімдік және жастық кезеңдегі қыздарды сипаттауда қолданылады: ерке қыз, назды қыз, жеңілтек қыз. Қыз келбетіндегі сұлулық наздылыққа, наздылық мейірбандылыққа, мейірбандылық қуанышқа, қуаныш кей сәт тұңғиық ой сезіміне тереңдейді (А. Сатаев). Асылқанның қасына келген қыздар да салмағынан айрылып, жеңілтек боп кетеді. Сезімталдық, кербездік әйел затына тән қасиеттер, бұлар жастық және кемел шақтағы әйел адамдардың бойынан табылады: сезімтал қыз, кербез әйел (қыз). Қыз жүрегі тым нәзік болғанмен сезімтал келетінін есті адамның бәрі біледі (Б. Дәулетбаев).

Адам бойындағы қасиеттерді сипаттайтын сын есімдерді лексика-семантикалық топтарға топтастыруда респонденттердің қабылдау деңгейінде ойымыздың дұрыс-бұрыстығын анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік. Респонденттерге адам бойындағы қасиеттерді сипаттайтын сын есімдер (49) берілді. Берілген сын есімдерді қай топқа жатқызатындықтарын анықтау қажет болды. Респонденттер филология және психология мамандығында оқитын I, II, III курс студенттері. Сауалнама қорытындысы төмендегідей:

Кесте 1

Адами қасиеттерді білдіретін сөздер	Жасөс-пірімдік шаққа дейінгі кезең	Жасөспірімдік кезең		Жастық кезең		Кемел шақ		Қарттық кезең	
	нәресте	ұл	қыз	боз-бала	бой-жеткен	еркек	әйел	ақ-сақал	өже
1. тыныш	5	6	13	9	10	14	14	14	12
2. тынышсыз	23	18	9	5	3	2	2	10	9
3. беймаза	12	4	4	11	8	10	11	12	12
4. мазасыз	22	3	5	3	1	3	3	11	11
5. қорғансыз	20	9	15	4	11	3	4	9	11
6. әлсіз	24	7	11	1	5	1	5	19	20
7. күнәсіз	26	5	5	1	1	1	1	1	1
8. ширақ	3	16	16	20	19	10	11	1	4
9. жыбырлақ	21	13	12	4	4	1	1	5	5
10. тынымсыз	11	13	10	8	12	7	8	7	8
11. ұрыншақ	10	16	11	6	5	0	0	0	0
12. сұрамшақ	11	13	11	8	8	1	1	0	0
13. тентек	15	21	15	8	4	0	0	0	0
14. сыншыл	0	3	4	9	10	15	19	12	13
15. бірбеткей	0	12	11	15	15	9	10	5	5
16. қырсық	8	11	16	10	19	5	10	5	5
17. қатты	0	6	2	7	5	21	15	8	4
18. өжет	0	8	7	13	12	14	8	4	1
19. тілді	0	6	10	13	16	5	12	8	11
20. ашуланшақ	2	16	15	11	14	8	8	2	2
21. өкпешіл	6	8	10	5	10	1	7	7	11
22. еліктегіш	3	12	16	10	15	1	2	0	1
23. арманшыл	2	18	18	18	20	5	7	4	3
24. қиялшыл	0	11	5	27	15	9	6	2	1
25. жеңілтек	0	9	9	11	13	1	2	0	0
26. аңқау	9	21	21	10	14	3	4	5	6
27. желікпе	0	13	7	14	9	4	0	1	0
28. өзімшіл	2	9	14	3	11	15	3	1	1
29. өркөкірек	0	10	10	12	13	5	5	0	0
30. ерікті	1	10	8	14	13	12	13	6	5
31. қатал	0	4	3	7	6	25	15	10	7
32. ақылды	0	9	11	11	15	22	23	22	24
33. қатты	0	3	5	7	5	14	11	7	6
34. тұрақты	0	2	1	3	7	14	16	15	13
35. шыдамды	1	1	1	9	9	20	21	15	15
36. ержүрек	1	12	3	17	11	17	9	4	2

37. сенімді	2	5	3	15	14	13	7	6	7
38. күңілдек	2	4	5	3	4	2	6	10	12
39. мылжың	4	9	9	5	6	1	3	10	11
40. көңілшек	3	7	13	3	8	3	7	16	19
41. ұмытшақ	5	5	5	2	2	3	3	18	19
42. жалқау	6	14	13	15	14	6	5	3	4
43. ақымақ	9	12	12	2	2	1	1	0	0
44. мейірімді	6	14	15	9	12	11	17	15	16
45. шыншыл	4	10	9	10	9	11	12	12	11
46. қорқақ	14	14	15	8	9	4	7	4	5
47. сабырлы	1	7	7	15	14	22	22	16	16
48. алғыр	3	14	14	16	17	6	6	3	2
49. жасқаншақ	11	17	16	8	6	1	2	3	3

Сауалнама қорытындысы бойынша байқағанымыз, респонденттердің кейбіреуі жас ерекшеліктерін шатастырып (әсіресе, нәрестелік шақты), берілген сөздердің кейбіреуінің мағынасын түсінбеген. Дегенмен, кестеде берілген қорытынды біздің тұжырымымызды растайтындығын көруге болады. Мысалы: респонденттер тынышсыз (23), мазасыз (22), қорғансыз (20), әлсіз (24), күнәсіз (26) сын есімдерінде «нәресте» семасының басымдығын көрсеткен. Жоғарыда бұл сын есімдердің нәрестенің физиологиялық күйі мен физикалық қалпын сипаттайтынын айтқан болатынбыз. Айта кететін жайт, аталған сын есімдер қарт адамның бойнан көрінетін қасиеттерді сипаттауда да көрінеді. Ол ойымызды респонденттер де қостады. Мәселен, 10–12 респондент тынышсыз, мазасыз, қорғансыз, 20 респондент әлсіз сын есімдерінде «қарт» семасының бар екендігін көрсеткен.

Тентек сын есінде «жеткіншек» (ұл) семасы бар, оны респонденттердің 21 көрсеткен.

Жастық шақта адам арманшыл, қиялшыл келеді. 18–20 респондент арманшыл сын есінде «жасөспірім», «жас» семасы бар деп таниды: арманшыл ұл (18), қыз (18); арманшыл бозбала (18), бойжеткен (20).

Алғыр сын есінде «жасөспірім», «жас» семасы бар. Жасөспірімдік, жастық шақта қабылдау күшті болып, жоқтан бар жасалып, жаңа идеялар туындап жататыны белгілі. Респонденттер де осылай бағалап, 14-і алғыр сын есімінен «жасөспірім» семасын, 16–17-і «жас» семасын көрген.

Қаталдық қасиетті біз көбіне ер адамдардың бойынан көрінетіндігін айттық. Сауалнамаға қатысушылардың 25-і бұл ойымызды қостап, қатал сын есінде «кемел жастағы ер» семасының басымдығын көрсеткен.

Сабырлы сын есімінен 22 респондент «кемел жастағы ер және әйел» семаларын көрсе, 16 респондент «қарттық шақтағы ақсақал және әже»

семаларын көрген. Біздің ойымыз да осыған сәйкес, өмірлік тәжірибеден өтіп, көпті түйген адам сабырлы келеді.

Сондай-ақ, ақылдылық та кемел және қарт жастағы адамға тән: ақылды еркек (22), ақылды әйел (23), ақылды ақсақал (22), ақылды әже (24).

Сонымен, сауалнама нәтижесі ұсынылған сын есімдердің адамның бойындағы қасиеттерін сипаттауда жасөспірімдік, жастық, кемелдік, қарттық кезеңдерге және жыныстық ерекшеліктерге қатысты қолданылатындығын көрсетті. Адамның бойындағы қасиеттері физиологиялық және психикалық дамуына, ата-ана тәрбиесіне, сыртқы орта әсеріне байланысты қалыптасып, дамып, оқу-білім, өмірлік тәжірибе нәтижесінде өзгеріп отырады. Адамның даму кезеңінде кейбір қасиеттер жойылып, жаңа қасиеттердің тууына себепші болса, кей қасиеттері адам бойында өмір бойы көрініс табады. Сондықтан адамды сипаттағанда сөздерді семалық белгілеріне қарай қолданған жөн.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жоғарыда берілген адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобын құраушы сөздер жалпылаушы семаларына қарай топтастырылған. Лексика-семантикалық топтың тіл білімінде анықталған белгіліріне қарай, біз топтастырған топтағы сөздер біріншіден, бір-бірімен бір сема арқылы байланысқан, екіншіден, әр сөз дербестікке ие, үшіншіден, бірі екіншісін мағыналық жағынан толықтырып, ұштасып жағады және төртіншіден, бір ғана сөз табына, сын есімдерге жағады. Олар ортақ семантикалық белгілеріне қарай бір-бірімен мағыналық байланысқа түсе отырып, айырушы семаларына қарай іштей кіші топтарға мүше болған.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Филин, Ф. П.** Очерки по теории языкознания. – М. : Наука, 1982. – 336 с.

2 **Ахманова, О. С.** Словарь лингвистических терминов. – М. : Советская энциклопедия, 1966. – 608 с.

3 **Кодухов, В. И.** Лексико-семантические группы слов : лекция. – Л. : Ленинградский гос. пед. ин-т им. А. И. Герцена, 1955. – 28 с.

4 **Кузнецова, Э. В.** ЛСГ слов и методы её описания. / Актуальные проблемы лексикологии. – Новосибирск, 1969. – С. 202–209.

5 **Васильев, Л. М.** Современная лингвистическая семантика. – М. : Высшая школа, 1990. – 176 с.

6 Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2012. – 388 б.

7 **Оразов, М.** Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы : Мектеп, 1980. – 176 б.

8 **Оразов, М.** Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы : Рауан, 1991. – 216 б.

9 **Лаврова, Л. В.** Лексико-семантические группы слов, характеризующих человека: канд. дисс. филол. наук. – Саратов, 1984. – 226 с.

10 **Морозенко, Е. А.** Семантическая характеристика оценочных прилагательных, вербализующих концепт «CHARACTER». / Научные труды КубГТУ, № 4. – 2016. – С. 62–71.

References

1 **Filin, F. P.** Ocherki po teorii yazy`koznaniya [Filin, F. P. Essays on the theory of linguistics]. – Moscow : Science, 1982. – 336 p.

2 **Akhmanova, O. S.** Slovar` lingvisticheskix terminov. [Akhmanova, O. S. Dictionary of Linguistic Terms]. – Moscow : Soviet Encyclopedia, 1966. – 608 p.

3 **Kodukhov, V. I.** Leksiko-semanticheskie gruppy` slov: lekciya. [Kodukhov, V. I. Lexico-semantic word groups: lecture]. – L. : Leningrad State Ped. in-t named after A. I. Herzen, 1955. – 28 p.

4 **Kuznetsova, E. V.** LSG slov i metody` eyo opisaniya. [Kuznetsova, E. V. LSG of words and methods of its description] / Current problems of lexicology. – Novosibirsk, 1969. – P. 202–209.

5 **Vasil'ev, L. M.** Sovremennaya lingvisticheskaya semantika. [Vasiliev, L. M. Modern linguistic semantics]. – M. : Higher school, 1990. – 176 p.

6 **Til bilimi terminderiniñ sózdigi.** [Dictionary of terms of linguistics]. – Almaty, 2012. – 388 p.

7 **Orazov, M.** Qazirgi qazaq tilindegi qalyp estistikteri. [Orazov, M. Verbs of action in modern Kazakh]. – Almaty : School, 1980. – 176 p.

8 **Orazov, M.** Qazaq tiliniñ semantikasy. [Orazov M. Semantics of the Kazakh language]. – Almaty : Rauan, 1991. – 216 p.

9 **Lavrova, L. V.** Leksiko-semanticheskie gruppy` slov, xarakterizuyushhix cheloveka : kand. diss. filol. nauk. [Lavrova, L. V. Lexico-semantic groups of words that characterize a person: candidate diss. philol. nauk]. – Saratov, 1984. – 226 p.

10 **Morozenko, E. A.** Semanticheskaya xarakteristika ocenochny`x prilagatel'ny`x, verbalizuyushhix koncept «CHARACTER». [Morozenko, E. A. Semantic characteristic of evaluation adjectives that verbalize the concept of «CHARACTER»] / Scientific works of KubSTU, No.4. – 2016. – P. 62–71.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

Э. Н. Ажарбекова, Ш. М. Мажитаева

Семантическое поле слов, характеризующих человеческие качества

Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

E. N. Azharbekova, S. M. Mazhitaeva

Semantic field of words that characterize human qualities

Academician E. A. Buketov Karaganda State University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 10.12.20.

Авторы статьи акцентируют внимание на определении лингвистами терминов «лексико-семантическая группа» и «тематическая группа», выявляют их отличия, а также определяют основные критерии отбора слов в лексико-семантическую группу. На основе изучения научной литературы о методе компонентного анализа и выявления минимальной предельной единицы плана содержания авторы подчеркивают наличие парадигматической связи между словами в лексико-семантической группе. Авторы на основе семного анализа классифицируют выявленные имена прилагательные, характеризующие человеческие качества, в лексико-семантическую группу, опираясь при этом на классификацию тематической группы имен М. Оразова в казахском языкознании. На основе дифференциальных сем авторы делят лексико-семантическую группу на более мелкие семантические группы. Для подтверждения теоретических положений исследования в статье использованы результаты проведенного анкетирования.

Ключевые слова: лексико-семантическая группа, тематическая группа, сема, архисема, дифференциальная сема, прилагательное, человеческие качества, возрастные периоды.

The authors of the article focus on the definition of the terms «lexical-semantic group» and «thematic group» by linguists, identify their differences, and determine the main criteria for selecting words in the lexical-semantic group. Based on the study of the scientific literature on the method of component analysis and identification of the minimum limit unit of the content plan, the authors emphasize the presence of a paradigmatic relationship between words in the lexical-semantic group. On the basis of seminal analysis, the authors classify the identified adjectives that characterize human qualities into a lexical and semantic group, based on the classification of the thematic group of names of M. Orazov in Kazakh linguistics. Based on differential semes, the authors divide the lexical-semantic group into smaller semantic groups. To confirm the theoretical provisions of the study, the article uses the results of the survey.

Keywords: vocabulary-semantic group, thematic group, sema, archisema, differential sema, adjective, human qualities, age periods.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz